

Жарма ауданыны бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 9/73-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 4846 болып тіркелді. Шешімнің қолданысы тоқтатыла тұрады – Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2019 жылғы 5 наурыздағы № 30/256-VI шешімімен. Күші жойылды – Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 қарашадағы № 40/326-VI шешімімен

Ескерту. Шешімнің қолданысы тоқтатыла тұрады – Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 05.03.2019 № 30/256-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды – Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 18.11.2019 № 40/326-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) бұйрығына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14285 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген № 1 қосымшаға сәйкес Жарма ауданыны бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін .

2. Қоса берілген № 2 қосымшаға сәйкес Жарма ауданыны бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтері бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Мәслихат хатшысы*

*Қ. Түлеубаева
А. Сахметжанова*

Жарма аудандақ мәслихатының
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 9/73-VI шешіміне 1 қосымша

Жарма ауданының коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м ³
1	Жайлы үйлер және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,56
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	1
3	Қонақ үйлер, санаторилер, демалыс үйлері	1 орын	0,64
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,44
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,39
6	Емханалар	1 келу	0,1
7	Ауруханалар, санаторилер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек орын	1,1
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,3
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,82
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,37
11	Мұражайлар,көрмелер	Жалпы алаңы м ²	0,24
12	Стадиондар, спорттық алаңдар	Ж о б а бойынша 1 орын	0,57
13	Спорт , би және ойын залдары	Жалпы алаңы м ²	0,67
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1м ²	0,8
15	Машиналардан сату	Сауда алаңы 1м ²	0,44
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1м ²	0,6

17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м ²	0,57
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базарлары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,18
19	Өнеркәсіптік тауарларының көтерме базарлары	Жалпы алаңы 1м ²	0,1
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м ²	---
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м ²	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1м ²	---
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м ²	0,4
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,2
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,1
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,10
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,48
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м ²	0,5
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,47
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау)	1 жұмыс орны	0,43
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м ²	0,64
32	Ауылдың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	---
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	---

Жарма аудандақ мәслихатының
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 9/73-VI шешіміне 2 қосымша

Жарма ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтері

Атаулары	Баға (теңге) ҚҚС -сыз
Жеке тұлғаларға 1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарын көму	164
Заңды тұлғаларға 1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарын көму	512